

Атауы жоқ көшелерге атау беру туралы

Жамбыл облысы Шу ауданы Алға ауылдық округінің 2023 жылғы 12 шілдедегі № 49 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 12 мамырдағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ШЕШТІМ:

1. Алға ауылдық округінің Алға ауылындағы атауы жоқ көшелерге келесі атаулар берілсін:

№1 атауы жоқ көшесіне Мұстафа Шоқай көшесі;

№2 атауы жоқ көшесіне Қажымұқан көшесі;

№3 атауы жоқ көшесіне Сағадат Нұрмағанбетов көшесі;

№4 атауы жоқ көшесіне Кейкі Батыр көшесі;

№5 атауы жоқ көшесіне Әбілахат Есбаев көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік оң күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні